

БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ТІЛІ

Мағжан Жұмабаев "Мен жастарға сенемін"

ЖАРИЯЛАНДЫ
06.10.2020СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/82440/

Ғылыми жұмыстың тақырыбы: Көше атаулары мен жарнамалардың тілдік ерекшелігі. (Сайқын ауылы бойынша)

Ғылыми жұмыстың өзектілігі. Қазіргі кезде елімізді алаңдатып отырған өзекті мәселенің біріне айналып отырған жағдай: қазақ тілінің көрнекі ақпарат пен жарнама тілі ретінде қолданылуы. Жасыратыны жоқ, бұл салада қазақ тілі – қосалқы тіл, аударма тіл, оқылмайтын шалажансар тіл болып қолданылып отыр. Өз тіліміз өз көшемізден көрінбей жүр. Көрінсе де, шала, қате қолданылғаны көңіліңе қаяу түсірмей қоймайды. Қазіргі қазақ қоғамы нарықтық қарым-қатынасқа көшкен уақытта жер мен көкті жарнама жаулаған заман. Көшеге шықсаңыз – қате жазылған көше атаулары мен жарнама, теледидар, радио қоса қалсаңыз да сол қатеге бой алдырған сан мыңдаған жарнамалар мәтіні.

Ғылыми жұмыстың мақсаты мен міндеттері.

Жарнама және көше атаулары – тілдік құралдар арқылы да, вербалды емес құралдар арқылы да ұлттық мәдениеттің белгілерін көрсетуі қажет. Ал ұлттық мәдениеттің танылуы тілдің ұлттық белгілері: сөз қолдану, грамматикалық заңдылығы, нормалары игерілгенде көрінеді. Жарнама мәтіндері ұлт тілімен, ұлттық мәдениетпен байланысты қалыптасатын жағдайда жазылуы тиіс.

1. Ауылымыздағы көше атауларын және жарнама үлгілерін қазақ тіліне дұрыс аудару өзектілігін көрсету;
2. Жарнама тілі мен қоғам байланысы.
3. Ауылымыздағы сауатсыз жазылған көше атаулары мен жарнама үлгілерін теріп, оларды сараптамаға алу.

Жоспар:

Кіріспе.

Адамзат тірлігінің бүгінгі мен ертеңін тануда, сын сағаттарда сонарлы жол тауып,

болмыстың мәні мен мағынасын анықтауда, табиғи заңдылықтардың қажеттілігін өтеуде адам баласы тарихқа жүгінеді. Сол себепті де әлемнің қай бұрышы болмасын жеке адам да, жалпы қоғам да өткенінен сабақ алып, дәстүріне арқа сүйеп, тарихымен мақтанады.

Далам-ай, дархан далам-ай ұлы!

Жусандарыңнан аңқитын қобыздың үні.

Самалың сипай аймалап сарайымды ішкі,

Сіңдірген күнің жаныма арайын күшті.

Шомылдырады мөп-мөлдір кәусарым күліп,

Кәусарыңды жүрмін мәңгілік аңсарым ұқылып.

Байтағым менің кемеңгер абыздар елі,

Әр жота қыры жетелер аңызға мені, -Қарағандылық жас ақын Сәттібай Жүнісов жырлағандай, туған жер әрбір адамның жүрегінен түпкі орынға жайғасқан байлықтарының бірі.

Жер тарихы –ел тарихы. Өзіміз күнделікті басып, ауасын жұтып, суын ішіп жүрген жердің атауларына келгенде кідіріп, күмілжіп қалатынымыз сөзсіз. Сондықтан да қай кезде болсын туған жердің әр тасын, әр көдесін тіпті самал желіне дейін сүю, жас ұрпақ ,біздің — басты парызымыз.

Бұл жобада ауылымыздың көшелерін аралап, көше атауларының дұрыс жазылуы мен көшеміздегі жарнамалардың дұрыс қолданылуына тоқталмақпыз.

Жалпы айтқанда ғылыми жобамыз ел тарихына бей-жай қарамайтын көзі қарағы адамдарды елең еткізері анық.

Негізгі бөлім. Қазіргі көше атауларының және қазақ жарнамаларының тілдік ерекшеліктері

1.Қаламыздағы сауатсыз жазылған жарнама үлгілерінің сараптамасы.

2. Қате жазылған көше атаулары мен жарнама үлгілерінің қоғам мүшелеріне тигізетін әсері

Практикалық бөлім

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1.Қаламыздағы сауатсыз жазылған жарнама үлгілерінің сараптамасы.

Бүгінде жарнаманың жаңа түрлері мен жаңа қалыптары пайда болуда, алайда жарнама мәтінінде әрдайым негізгі, жетекші қызметті сөз атқарады. Жарнама тілі саласы қазақ тілінде жаңа сала деп қарастыруға болады. Қазіргі таңда жарнама үстем болып о

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.